

Н. Нұғыманова

ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ

Жалпы білім беретін мектептің
9-сыныбына арналған оқу құралы

Өңделіп, толықтырылған үшінші басылымы

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы “Мектеп” 2013

УДК 373.167.1
ББК 63.3(0)я72
Н85

Нұғыманова Н.
Н85 **Дүниежүзі тарихы: Жұмыс дәптері.** Жалпы білім беретін мектептің
9-сыныбына арналған оқу құралы. — Өңд., толықт. 3-бас. — Алматы:
Мектеп, 2013. — 96 бет.

ISBN 978—601—293—896—8

Н $\frac{4306020600-081}{404(05)-13}$ 24(4)—13

УДК 373.167.1
ББК 63.3(0)я72

© Нұғыманова Н., 2005
© “Мектеп” баспасы, көркем
безендірілуі, 2013
Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүлкітік құқықтары
“Мектеп” баспасына тиесілі

ISBN 978—601—293—896—8

АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты оқушылар, 9-сыныптың “Дүниежүзі тарихы” оқулығының жұмыс дәптері сендердің оқулықтан алған білімдеріңді бекіту мақсатымен ұсынылып отыр.

Тақырыптар бойынша тарихи мағлұматтарды қаншалықты меңгергендеріңді жұмыс дәптерінде ұсынылған сұрақтар мен тапсырмаларға жауап беру арқылы байқауларыңа болады. Сендер оқулықпен жұмыс істеу барысында тың тарихи деректерді, ұғымдарды есте сақтауға тырысасыңдар. Ол үшін өтілген тақырыпты дидактикалық негізде әр сабақ сайын пысықтап отыруларың қажет. Міне, осы істе сендерге бұл оқу құралы таптырмас көмек көрсетеді.

Жұмыс дәптерінде берілген тапсырмалар оқулық материалдарымен сәйкестендіріліп берілді. Оқулықтағы тарихи оқиғалар, ел басшылары, саясат және қоғам қайраткерлерінің қызметі мен өмірі жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларда қамтылған. Ол сендердің өз көзқарастарыңды нақтылауға, ойларыңды ашық айтып, оны тұжырымдауға үйретеді және тұлға ретінде қалыптасуларыңа көмектеседі.

Оқу құралында жинақталған проблемалық сұрақтар, салыстыру кестелері, сұлбалар, сұрақтарға түсінік беру, мәліметтерді сәйкестендіру, берілген даталарға байланысты болған оқиғаларды жазу, құжат үзінділеріне талдау жасау сияқты тапсырма түрлері сендердің қызығушылықтарыңды арттырып, танымдарыңды кеңейтеді деген сенімдеміз. Іске сәт!

I бөлім. ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА ЕЛДЕРІ (1914—1939 жж.)

§ 1. БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС

1-жұмыс. Берілген сұрақтар бойынша Бірінші дүниежүзілік соғыстың шығу себептері мен мақсаты туралы қысқаша түсініктеріңді жазыңдар.

1. Соғыстың шығу себептері қандай?

2. Соғыстың себептері соғыстың мақсаттарын да айқындады. Соғысушы елдердің көздеген мақсаттарын дәптерге кесте түрінде орындаңдар.

Елдер	Көздеген мақсаттары
<ul style="list-style-type: none">• Англия, Франция• Ресей• Австро-Венгрия• Германия	



3. Соғыстың басталуына түрткі болған қандай жағдай? _____

4. Соғыстың сипатына тоқталыңдар.

5. Соғыстың салдары қандай болды?


2-жұмыс. Сызбадағы бос орындарды толтырыңдар.

Әскери одақтың құрамындағы елдер және ондағы өзгерістер



3-жұмыс. Жауап қайтарыңдар.

“Шлиффен жоспарын”
немістер неге жүзеге
асыра алмай қалды?



- 1)
- 2)

1915 ж. соғыс барысын-
да қандай өзгерістер
болды?



- 1)
- 2)
- 3)
- 4)

4-жұмыс. Кестені толтырыңдар.

Негізгі соғыс қимылдары мен оқиғалары

Жылдары	Батыс майданы	Шығыс майданы
1914 ж.		
1915 ж.		
1916 ж.		
1917 ж.		

5-жұмыс. Карточкадағы сұрақтарға жауап беріңдер.

1-карточка

Соғысушы елдердегі әлеуметтік-экономикалық дағдарысты қалай түсінесіңдер?

2-карточка

Соғысушы елдердегі саяси дағдарыс туралы түсіндіріңдер.

6-жұмыс. Дұрыс жауабын табыңдар.

1. Антантаның басымдылығы қай жылғы соғыста анықталды:

а) 1915 ж.; ә) 1916 ж.; б) 1917 ж.?

2. 1914—1916 жж. соғыс қимылдарының барысында ... әлсіздігі байқалды.

- а) *Үштік одақтың;*
- ә) *Антанта одағының;*
- б) *Төрттік одақтың.*

7-жұмыс. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстағы қандай ірі шайқастарды білесіңдер?


2. Жеңістің қай жақта болатынын қандай жағдай айқындады?

3. АҚШ қандай мәлімдемеге байланысты Германияға соғыс жариялады?

4. Германия және Антанта мемлекеттері арасында қашан және қай жерде бітімге қол қойылды?

§ 2. ВЕРСАЛЬ — ВАШИНГТОН ЖҮЙЕСІ

1-жұмыс. Жауап қайтарыңдар.



2-жұмыс. Мәтінмен жұмыс. Сөйлемді толықтырып жазыңдар.

1. Франция астанасына соғысқа _____ өкілдері келді.

2. Бітімшартын жасауға _____ мен _____, сондай-ақ _____ қатыстырылмады.

3. Франция _____ және _____ жерін қосып алғысы келді.

4. Германия отарларын және _____ иемденген _____ бөлісуде _____ мен _____ арасында келіспеушілік байқалды.

3-жұмыс. Сұрақтарға жауап қайтарыңдар.

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық шиеленісті реттейтін қандай жаңа құрал пайда болды? Ол қаншалықты іскер және тиімді?
2. Ұлттар Лигасы қандай мақсатпен құрылды? Қандай жағдайда оның іс-әрекеті тиімді болды?
3. Ұлттар Лигасы Кеңесінің құрамына кірген мемлекеттерді атаңдар.
4. Не себепті Ұлттар Лигасы Екінші дүниежүзілік соғысты тоқтата алмады немесе оның басталуына жол беріп қойды?

4-жұмыс. Төмендегі ұғымдар қандай мағынаны білдіреді?

Ұлттар Лигасының Ассамблеясы _____

Мандаттық жүйе _____

Репарациялық төлем _____


5-жұмыс. Кестені толтырыңдар.

1921—1922 жж. Вашингтон конференциясы

	Келісімдердің атауы	Қатысушы мемлекеттер	Нәтижесі
1.			
2.			
3.			

§ 3. ҰЛЫБРИТАНИЯ

1-жұмыс. Жауап қайтарыңдар.



2-жұмыс. Мәтінмен жұмыс. Ағылшын үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты туралы тақырыпшаны оқып, төмендегі сұрақтарға жауап қайтарыңдар:

1. Дэвид Ллойд Джордж үкіметі дамудың қандай жолын таңдады?
2. 1918 ж. қабылданған сайлау туралы жаңа заңдағы өзгерістерді атаңдар.
3. Әлеуметтік мәселелер қалай шешілді?
4. Ллойд Джордж үкіметінің сыртқы саясаттағы ұстанымдары қандай болды?

5. Қоспартиялық жүйе қандай өзгеріске ұшырады?
6. 1924 жылы Ұлыбританияда үкімет басына келген партияны және оның жетекшісін атаңдар.
7. Ұлыбританияда басқарушы топтар парламенттік, өркениеттік бағытта әрекет етсе, оның отарлардағы әрекеті қандай болды?
8. Ирландия мәселесі шешілді ме?
9. Ллойд Джордж және Рамсей Макдональдтың үкіметті басқаруын қалай бағалайсыңдар?
10. Л. Джордж үкіметі кезінде автономиялы мемлекеттер мәртебесін иеленген отарларды атаңдар.

3-жұмыс. Кестені толтырыңдар.

Соғыстан кейінгі Англияның экономикалық жағдайы


Өнеркәсіптің дамыған салалары	Өнеркәсіптің артта қалған салалары

4-жұмыс. Сұраққа жазбаша жауап қайтарыңдар.

1. 1918 жылы сайлау туралы жаңа заң қабылданды. Бұл заңның маңызды жақтарын көрсетіңдер. _____

2. Англиядағы қандай партия өкіметі немістердің сыртқы саясатын қолдады? _____

5-жұмыс. Сызбаны орындаңдар. _____



6-жұмыс. Мәліметтерді сәйкестендіріңдер.

№	Жылдар	Оқиғалар
1.	1926 ж.	Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс
2.	1997 ж.	Р.Макдональд “ұлттық” коалициялық үкімет құрды
3.	1929 ж.	Жұмысшы табының жаппай ереуілі
4.	1931 ж.	Консерваторлар үкіметі ереуілге жол бермейтін заң шығарды
5.	1932 ж.	Парламенттік сайлауда лейбористер партиясы жеңіске жетті

§ 4. ФРАНЦИЯ

1-жұмыс. Жауап қайтарыңдар.


Франция үшін Бірінші дүниежүзілік соғыстың қорытындысын атаңдар	→	1)
	→	2)
	→	3)

2-жұмыс. Мәліметтерді сәйкестендіріңдер.

	Франция президенті	Сайланған жылы
1.	Александр Мильеран	1924 ж.
2.	Раймон Пуанкаре	1922 ж.
3.	Эдуард Эррио	1920 ж.


3-жұмыс. Э.Эррио басқарған солшыл блок үкіметінің А.Мильеран басқарған оңшыл блок үкіметінен қандай айырмашылығы болды?

4-жұмыс. Кестені толтырыңдар.



5-жұмыс. Сызбаны толтырыңдар.

Франциядағы экономикалық дағдарыстың ерекшеліктері



6-жұмыс. Сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. Германияда билікке келген фашистер Францияда билік басында тұрақтай алмау себебі неде?

2. “Халықтық майданның” әлеуметтік және саяси құрамын анықтаңдар.

3. 1936 жылы парламент Халықтық майдан талаптарын өмірге енгізуге бағытталған жүзден астам заңдар қабылдады. Өздеріңе ұнаған заңдарды атап беріңдер.

4. “Халықтық майданның” тарихи маңызы неде?

§ 5. ГЕРМАНИЯ

1-жұмыс. Берілген даталарға байланысты болған оқиғаларды жазып шығыңдар.

1920 ж., наурыз — _____

1922 ж. соңы — _____

1923 ж., қазан — _____

1923 ж., тамыз — _____

1923 ж., 8 қараша — _____

1925 ж. — _____

1928 ж. — _____

2-жұмыс. Берілген мәтінді оқып, сұраққа жазбаша жауап қайтарыңдар.

“1920 жылы А.Гитлер Неміс жұмысшы партиясының (кейін Ұлттық-социалистік неміс жұмысшы партиясы) жиналысында 25 тармақтан тұратын бағдарламасын жариялады. Онда төмендегідей бірқатар мәселелер қарастырылды:

“Ұлы Германияны” және оның отарлық империясын құру; Версаль келісімінің шарттарын жою; коммунизммен күрес; еврейлерді азаматтық құқықтан айыру; ірі әмбебап дүкендерді тәркілеу; бағаны төмендету; “пайыздық құлдықты” жою; трестерді мемлекет меншігіне алу; ірі кәсіпорындардың кірісіне жұмысшылар мен қызметшілерді қатыстыру; халық ағарту ісі туралы; “күшті мемлекеттік үкімет” құру; буржуазиялық баспасөзді жою; жалпыға бірдей әскери міндеттілік енгізу, т.б.”


1. Бұл жоспарда қандай әлеуметтік топтардың мүдделерін бөліп көрсетуге болады? _____

2. Жеке талаптар халықтың қандай топтары мен жіктерінің қолдауына есептеліп жасалған? _____

3. Қалай ойлайсыңдар, Германия халқы бұл талаптарды неге байланысты қолдады, ол қай кезде өрістеді және қашан бәсеңдеді?

3-жұмыс. Сызбаны орындаңдар.

Экономикалық дағдарыстың Германияға әсері



4-жұмыс. Берілген сұраққа жауап жазыңдар.

1920 жыл мен 1930 жылдың басында Германияда ұлтшылдар үкімет басына қандай тарихи жағдайлардың және тәсілдердің көмегімен келуге ұмтылғанын атап көрсетіңдер.

5-жұмыс. Төмендегі сұрақтардың дұрыс жауабын белгілеңдер.

1. 1933 жылы ұлтшылдар қандай жағдайда үкімет басына келді:
- а) президент Гинденбург А.Гитлерді рейхсканцлер етіп тағайындады;
 - ә) парламент сайлауында ҰСНЖП жеңіске жетіп, үкімет құрды;
 - б) президент Гинденбург өлгеннен кейін ұлтшылдар үкімет басына келді?
2. Германияда “төртжылдық жоспар” қандай мақсатта дайындалды:
- а) мемлекеттік секторды “арийландыру” арқылы дамыту;
 - ә) Германия шаруашылығын жұмысшы күшімен қамтамасыз ету;
 - б) Германияның соғысқа дайындығын аяқтау?

6-жұмыс. Мәтінмен жұмыс. Сөйлемді толықтырып жазыңдар.

1. Елдің экономикалық күш-қуаты _____ және _____ қолында болды.

2. Экономиканы _____ Германияның _____ шығуының _____ болды.

3. 1933—1935 жж. _____ тетігінің _____ құрайтын бірқатар _____ қабылданды.

4. Экономиканың мемлекеттік секторын _____ дамытылды, ол _____ жекеменшігін _____ арқылы жүргізілді.

5. Фашистер _____ Германия Шығыстағы “ _____ ” жаулап алғанда, _____ деп сендірді.

7-жұмыс. Төмендегі терминдерге анықтама беріңдер.

“Дауэс жоспары” — _____

Гестапо — _____

СС — _____

Фюрер — _____

Рейхсканцлер — _____

§ 6. ИТАЛИЯ

1-жұмыс. 1920 жылдардың басындағы сайлау қарсаңында Италия фашистерінің және 1930 жылдардың басындағы германдық ұлтшылдардың ұрандары мен іс-әрекетін салыстырып, ортақ және ерекше белгілерін көрсетіңдер.

Елдер	Ортақ белгілері	Ерекшеліктері
1920 жылдың басындағы Италия		
1930 жылдың басындағы Германия		

5-жұмыс. Тапсырманы орындаңдар.



6-жұмыс. Өздеріңді тексеріңдер.

1. Мына есімдер сендерге таныс па? Олар қандай қызмет атқарды?

- а) Англиядағы бірінші лейбористер үкіметінің басшысы (Н. Чемберлен, Г. Поллит, Р. Макдональд, У. Черчилль);
- ә) 1933 жылы қаңтардан бастап Германияның рейхсканцлері (П. Гинденбург, А. Гитлер, Г. Геринг, Ф. Эберт);
- б) Италиядағы фашистік диктатураның басшысы (И. Виктор-Эммануил, Д. Маттеотти, Б. Муссолини);
- в) Франциядағы “Халықтық майдан” үкіметінің бірінші басшысы (Э. Даладье, М. Торез, Л. Блюм).

§ 7. КЕҢЕС ОДАҒЫ

1-жұмыс. Төменде берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

“Әскери коммунизм” саясаты

1. “Әскери коммунизм” саясаты қандай төтенше шаралар енгізді? Себебін көрсетіңдер.

2. “Әскери коммунизм” саясатының басты бағыты қандай болды?

3. Азық-түлік салғыртына шаруалар қалай қарады? _____

4. Азық-түлік салғырты қалай іске асырылды? _____

5. “Әскери коммунизм” деп неге атады? _____

2-жұмыс. Кестені толтырыңдар.

Соғыстан бейбіт өмірге өту кезеңіндегі елдің ішкі және сыртқы жағдайы

Ішкі жағдайдың қиыншылықтары	Сыртқы жағдайдың қиыншылықтары

3-жұмыс. Сызбаны толтырыңдар. Төменде берілген жылдар ішінде болған оқиғаларды тұсына жазыңдар.

1918—1920 жж.	
1918—1921 жж.	
1918 ж., 28 маусым	

4-жұмыс. Көрсетілген тапсырманы салыстырып жазыңдар.

	“Әскери коммунизм” саясаты	Жаңа экономикалық саясат
1.	Азық-түлік салғыртын енгізу	
2.	Қала мен ауыл-село арасындағы азық-түлікті тікелей айырбастау	
3.	Жерді жалға беруге, ауыл шаруашылығында жалдамалы еңбекті пайдалануға рұқсат етпеу	
4.	Сауда-саттыққа, нарыққа тыйым салу. Азық-түлік, халық тұтынатын тауарларды карточкалық, таптық принцип бойынша мемлекеттік бөлу	
5.	Ақшаның құнсыздануы салдарынан жалақыны заттандыру, мемлекеттік қызмет көрсетудің (пәтер, көлік, т.б.) тегіндігі	

5-жұмыс. Берілген сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. Индустрияландырудың басты талаптарын көрсетіңдер.
2. Қысқа мерзім ішінде жаңадан құрылған өнеркәсіп орындарын атаңдар.
3. Индустрияландыру барысында Кеңес Одағы қандай елге айналды?
4. Қазақстандағы индустрияландыру құрылыстарын атаңдар.
5. Индустрияландырудың Қазақстан сияқты ұлттық аймақтарының дамуына әсері болды ма?

6-жұмыс. Ұсынылған сұрақтардың дұрыс жауабын табыңдар.

1. КСРО-да индустрияландырудың басты көзі қандай:
 - а) шетел несиелері және инвесторлары;
 - ә) елдің ұлт аймақтарын қанау;
 - б) өз халқын қанау?
2. КСРО-дағы индустрияландырудың ерекшеліктері қандай:
 - а) ауыр өнеркәсіптің жоғары қарқынмен дамуы;
 - ә) жеңіл өнеркәсіптің екпінді дамуы;
 - б) халық шаруашылығының кешенді дамуы?
3. 1930 жылы өнеркәсіп өнімін шығару жөнінен Еуропа:
 - а) бірінші;
 - ә) екінші;
 - б) үшінші орынға шықты.

7-жұмыс. Мәтінді оқып, тоталитарлық жүйенің белгілерін торкөздерге белгілеңдер.

1.	
2.	
3.	
4.	
5.	
6.	
7.	

8-жұмыс. Мына ұғымдарға анықтама беріңдер.

Тоталитарлық мемлекет — _____

Жекебасқа табыну — _____

Қуғын-сүргін — _____

ГУЛАГ ОГПУ _____

ҚарЛАГ _____

СтепЛАГ _____

АЛЖИР _____

НКВД _____

§ 8. АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ

1-жұмыс. Жауабын жазыңдар.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың АҚШ экономикасына әсері	→	1)
	→	2)
	→	3)
	→	4)

Бірінші дүниежүзілік соғыстың АҚШ саясатына әсері	→	1)
	→	2)
	→	3)
	→	4)

2-жұмыс. Сұраққа жауап жазыңдар.

Қалай ойлайсыңдар, неліктен 1920 жылы экономикалық тұрақтану тек қана АҚШ-та ерекше байқалды? _____

3-жұмыс. Төменде берілген сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. 1920 жылдардағы АҚШ пен Ұлыбританиядағы экономикалық тұрақтанудың сипатын салыстырып, олардың ерекше және ортақ сипаттарын кестеге жазыңдар.

Елдер	Ортақ белгілері	Ерекшеліктері
АҚШ Ұлыбритания		

2. Екі елдегі жағдайдың айырмашылықтары немен түсіндіріледі?

4-жұмыс. 1932 жылы Ф.Рузвельттің АҚШ президенті болып сайлануына қандай жағдайлар әсер етті? Ұсынылған жауаптардан өздерің дұрыс деп санағандарыңды таңдап алыңдар:

- а) Рузвельттің социалистік идеяны жақтаушы ретінде әйгілі болуы;
- ә) Рузвельт елді дағдарыстан шығарады деген үміт;
- б) бұрынғы президент Г.Гувердің саясатына сенімсіздік;

- в) Рузвельттің экономиканы мемлекеттік реттеу бағыты;
- г) Рузвельттің сыртқы саяси бағыты;
- д) Рузвельттің жекебасының тартымдылығы;
- е) Рузвельттің сайлау қарсаңындағы науқанға қомақты қаржы салуы оған қарсыластарынан асып түсуіне мүмкіндік берді;
- ж) басқа факторлар.

5-жұмыс. Дұрыс жауабын белгілеңдер.

1. Соғыстан кейінгі дүниежүзі елдерінің болашағына байланысты бағдарламаны ұсынған АҚШ президенті кім:

- а) Гувер;
- ә) Рузвельт;
- б) Вильсон?

2. 1920 жылы АҚШ-та дүниежүзі бойынша өндірілетін автокөліктердің:

- а) 44% -ы;
- ә) 40% -ы;
- б) 85% -ы шығарылып жатты.

3. 1924 жылы АҚШ-тың өндіріс кәсіпорындары шығаратын өнім дүниежүзі капиталистері өндіретін өнімнің:

- а) 35% -ына;
- ә) 40% -ына;
- б) 44% -ына тең болды.

4. АҚШ-та 1929—1933 жылдардағы әлемдік экономикалық дағдарыс кезеңі қалай аталады:

- а) “Ұлы күйреу”;
- ә) “Ұлы қарсылық”;
- б) “Ұлы дағдарыс”?

5. 1932 жылы АҚШ-та:

- а) 13 млн жұмыссыздар;
- ә) 17 млн жұмыссыздар;
- б) 20 млн жұмыссыздар болды.

6. 1932 жылы өнеркәсіптік өндіріс көлемі 1919 жылға қарағанда ... қысқарды.

- а) 40% -ға;
- ә) 45% -ға;
- б) 50% -ға.

7. “Жаңа бағыттың” негізін қалаған АҚШ президенті:

- а) Гувер;
- ә) Рузвельт;
- б) Вильсон.

8. “Жаңа бағыттың” ең негізгі заңы:
- а) “Салықты азайту туралы”;
 - ә) “Өнеркәсіпті қалпына келтіру туралы”;
 - б) “Жұмыс орындарын ашу туралы”.

6-жұмыс. Кестені толтырыңдар.

Рузвельттің “Жаңа бағыт” саясаты (1933—1941 жж.)

“Ұлттық өнеркәсіпті қалпына келтіру” Заңы	
Ауыл шаруашылығын ретке келтіру заңы	
Әлеуметтік реформалар	
Сыртқы саясаты	
Міндеті	Экономиканы мемлекеттік тұрғыдан реттеу

I БӨЛІМДІ ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. 1915 жылы 22 сәуірде герман әскерлері Ипр өзені түбінде нені қолданды:
 - а) химия қаруын;
 - ә) танкілерді;
 - б) авиацияны?
2. Үштік одақ не себептен өмір сүруін тоқтатты:
 - а) Германия құрамынан шықты;
 - ә) Италия құрамынан шықты;
 - б) Австро-Венгрия құрамынан шықты?
3. 1916 жылдың шілдесі мен қараша айларының арасын қамтыған шайқас қалай аталды:
 - а) “Верден қырғыны”;
 - ә) “Сена шайқасы”;
 - б) “Сомма шайқасы”?
4. 1919 жылы 18 қаңтарда ... болды.
 - а) Париж бітім конференциясы;
 - ә) Вена бітім конференциясы;
 - б) Берлин бітім конференциясы.

5. Бірінші дүниежүзілік соғыста “Шлиффен жоспары” деген нені білдіреді:
- а) Ұзақ соғыс;
 - ә) Қауырт соғыс;
 - б) Азамат соғысы?
6. Версаль — Вашингтон жүйесі бойынша Тынық мұхиттағы үстемдігін нығайтып алған ел:
- а) Жапония;
 - ә) АҚШ;
 - б) Англия.
7. 1921 жылы Ллойд Джордж үкіметінің келісімі бойынша:
- а) Англия Тынық мұхитында өз отарларынан айырылды;
 - ә) Англия Үндістанның тәуелсіздігін таныды;
 - б) Ирландия Оңтүстік және Солтүстікке бөлінді.
8. 1927 жылы Англияда қандай заң қабылданды:
- а) “Азғырушылық пен бүліншілік туралы” Заң;
 - ә) Сайлау туралы заң;
 - б) Жаппай ереуілге жол бермейтін заң.
9. 1920 жылы Франция президенті болып сайланды:
- а) Клемансо;
 - ә) Пуанкаре;
 - б) Мильеран.
10. 1934 жылы 6 ақпанда француз фашистері:
- а) Мемлекеттік төңкеріс жасады;
 - ә) Өз съездерін өткізді;
 - б) Парламентті басып алуға әрекет жасады.
11. Германияда Ұлттық-социалистік неміс жұмысшы партиясын кім басқарды:
- а) Г. Геринг;
 - ә) А. Гитлер;
 - б) И. Риббентроп?
12. Гитлер Германияда үкімет басына қай жылы келді:
- а) 1933 ж.;
 - ә) 1930 ж.;
 - б) 1929 ж.?

13. 1939 жылы қай елдер арасында “Шабуыл жасаспау туралы шартқа” қол қойылды:
- а) Германия мен Франция арасында;
 - ә) Германия мен КСРО арасында;
 - б) Германия мен АҚШ арасында?
14. Италиядағы фашистік партияны құрған кім:
- а) Оливетти;
 - ә) Маттеотти;
 - б) Муссолини?
15. 1922 жылы 28 қазанда Муссолини:
- а) Эфиопиямен соғыс бастады;
 - ә) Маттеоттиді өлтіруді ұйымдастырды;
 - б) фашистік топтарды Римге қарсы жорыққа ұйымдастырды.
16. 1935 жылы қазанда Италия қай елге басып кірді:
- а) Сомалиге;
 - ә) Эфиопияға;
 - б) Ливияға?
17. 1922 жылы 30 желтоқсанда ... жарияланды.
- а) Кеңес үкіметінің құрылуы;
 - ә) КСРО-ның құрылуы;
 - б) ЗКФСР-дың құрылуы.
18. БК(б)П-ның ХІХ съезінде қандай бағыт жарияланды:
- а) Елді ұжымдастыру;
 - ә) Елді индустрияландыру;
 - б) Елді демократияландыру?
19. АҚШ-та ҰОҚК заңының баптары негізінде еңбек қатынастары туралы акт ... қабылданды.
- а) 1930 ж.;
 - ә) 1935 ж.;
 - б) 1937 ж.
20. АҚШ-тың сыртқы саясаты қандай сипатта болды:
- а) оқшау;
 - ә) ашық;
 - б) жетекшілік?

II бөлім. 1918—1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ

§ 9. ЖАПОНИЯ

1-жұмыс. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Жапонияның ішкі және сыртқы саясатына сипаттама беріңдер:

Ішкі саясаты	→	1)
	→	2)
	→	3)
Сыртқы саясаты	→	1)
	→	2)
	→	3)

2-жұмыс. Кестедегі мәліметтерді сәйкестендіріңдер.

№	Уақыты	Оқиғалар
1	1922—1925 жж.	Ресей Шығыс Қытай теміржолын Жапонияға сатты
2	1933 ж., наурыз	Жапония Ұлттар Лигасы құрамынан шықты
3	1927 ж.	Ресейдің құрамындағы Приморье, Солтүстік Сахалин жерлері Жапония қарамағында болды
4	1941 ж. сәуір айында	Қытайға соғыс ашып, ішкі аудандарын басып алды
5	1937 ж., 7 шілде	“Үштік пакт” соғыс одағы құрылды
6	1940 ж., 27 қыркүйек	Жапония мен КСРО бесжылдық бейтараптық шартқа қол қойды
7	1945 ж., 2 қыркүйек	АҚШ-тың Пёрл-Харбор базасына шабуыл жасады
8	1941 ж., 7 желтоқсан	Жапония тізе бүкті

3-жұмыс. Герман фашизмі мен жапон милитаризмінің ішкі және сыртқы саясатын салыстырыңдар (ерекше және ортақ белгілерін көрсетіңдер). Салыстырудың нәтижесін кестеге түсіріңдер.

Ортақ белгілері	Ерекшеліктері

4-жұмыс. Сұраққа жауап жазыңдар.

1. Екінші дүниежүзілік соғыс басталар алдында және басталған кезде Жапониямен бір жақта болған мемлекеттерді атап, осы мемлекеттер арасында жасалған келісімшартты көрсетіңдер:

1) _____

2) _____

5-жұмыс. Сөйлемдерді толықтырып жазыңдар.

1. Жапон милитаристері Екінші дүниежүзілік соғыста _____

елдерін басып алды. _____ қалалары, соның ішінде, _____, т.б. қиратылып, бейбіт тұрғындар қырылды.

2. Жапонияның Тынық мұхит пен Азия аймағындағы негізгі қарсыласы _____ болды. 1941 жылы 7 желтоқсанда _____ бүкіл Тынық мұхиттағы әскери-теңіз күштері шоғырланған _____ базасына тұтқиылдан _____ крейсерлері мен _____ кемелері шабуыл жасап, жеңіске жетті.

6-жұмыс. Мына терминдердің анықтамасын жазыңдар.

Милитаризм — _____

Шовинизм — _____

1. _____

2. _____

3. _____

4-жұмыс. Кестені толтырыңдар.

1920—1930 жылдардағы Кемал үкіметінің реформалары

№	Саяси өзгерістер	Әлеуметтік өзгерістер	Экономикалық өзгерістер
1			
2			
3			

5-жұмыс. Берілген жылдарда қандай оқиғалар болғанын жазыңдар.

а) Көрсетілген жылдарда қандай оқиғалар болды?

1918 — 1923 жж. _____

1920—1930 жж. _____

1911—1913 жж. _____

ә) Мына жылдары Түркияда қандай заңдар қабылданды?

1925 ж. _____

1926 ж. _____

1934 ж. _____

б) Төменде келтірілген жылдарда болған оқиғалардың маңыздылығы неде?

1923 ж., 29 қазан _____

1923 ж., 13 қазан _____

1924 ж., 3 наурыз _____

1934 ж., 24 қараша _____

1936 ж. _____

в) Берілген жылдар бойынша Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Түркияға талдау жасаңдар.

1939 ж., қыркүйек _____

1923 ж., 18 маусым _____

1924 ж., 25 маусым _____

1934 ж. _____

1936 ж., 23 ақпан _____

§ 11. ҚЫТАЙ. МОНҒОЛИЯ

1-жұмыс. Сұраққа жауап жазыңдар.

1. Париж бітім конференциясы Қытай туралы қандай шешім қабылдады?

2. Қытайдағы 1919 жылғы “4 мамыр қозғалысының” жалпыұлттық сипатта болғанын көрсетіңдер.

3. “4 мамыр қозғалысының” нәтижесі қандай болды? _____

2-жұмыс. Кестені толтырыңдар.

1920—1930 жылдардағы Қытайдағы басты саяси партиялар — Гоминьдан және Қытай коммунистік партиясының айқындалмалары

Мәліметтер		Гоминьдан партиясы	Қытай коммунистік партиясы
1.	Партияның сүйенген ілімі және теориясы		
2.	Жетекшілері		
3.	Алдына қойған мақсаттары		
4.	Негізгі күрес жолдары		
5.	Партиялардың бақылауындағы аумақтардағы қайта құрулар және олар құрған үкіметтер		

3-жұмыс. Сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. Гоминьдан мен Коммунистік партиялар арасындағы алауыздықты немен түсіндіруге болады? _____

2. Бұл алауыздықтың сыртқы жағдайға әсері қандай болды?

3. 1920—1930 жылдардағы Гоминьдан мен ҚКП арасындағы қарым-қатынас қалай және қандай жағдайда қалыптасты? _____

4-жұмыс. Берілген мәтін бойынша өз пікірлеріңді жазыңдар.

1920—1930 жылдардағы Мао Цзэдунның басты тұжырымдарының бірі: “Қытай революциясындағы шешуші күш — шаруа, ал негізгі орталығы село болады” деген тезісі.

а) *Мао Цзэдунның мұндай көзқарасын қалай түсіндіруге болады?*

ә) *1920—1930 жылдардағы Қытайдағы тәуелсіздік жолындағы және революциялық күрестегі халықтың әртүрлі топтары мен жіктерінің (зиялы қауым, буржуазия, жұмысшы, шаруа, қолөнерші, т.б.) рөлін қалай бағалар едіңдер?*

5-жұмыс. Кестені толтырыңдар.

1925—1927 жылдардағы ұлттық революция

Революцияның қозғаушы күштері	Міндеті	Жеңілу себебі

6-жұмыс. Қытай коммунистері біртұтас майдан үшін саяси-өлеуметтік қағидаларының кейбір бағыттарын өзгертуге өзір екенін білдірді. Оларға талдау жасаңдар.

7-жұмыс. Жауабын жазыңдар.

1924—1940 жылдардағы Моңғолия

1924—1940 жж. экономикалық реформалар	→ 1)
	→ 2)
	→ 3)
	→ 4)
	→ 5)
1924—1940 жж. асыра сілтеу әрекеттері	→ 1)
	→ 2)
	→ 3)
	→ 4)
	→ 5)

§ 12. ИРАН. АУҒАНСТАН

1-жұмыс. Кестедегі деректерді сәйкестендіріңдер.

№	Жылдар	Оқиғалар
1	1943 ж., 9 қыркүйек	Ағылшын — КСРО келісімшарты
2	1919 ж., 9 тамыз	Гилян Республикасы жарияланды
3	1941 ж., 25 тамыз	Гилянда Кеңес республикасы жарияланды
4	1941 ж., 12 шілде	Иранның солтүстігіне — КСРО, ал оңтүстігіне ағылшын әскерлері енгізілді
5	1921 ж., 4 тамыз	Иран елі ағылшындардың “қамқорлығына” алынды
6	1920 ж., 5 маусым	Иран Германияға соғыс жариялады

2-жұмыс. Жауабын жазыңдар.

Реза шах үкіметінің экономикалық саясаты	→ 1)
	→ 2)
	→ 3)
	→ 4)

3-жұмыс. Сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. “Шахривар оқиғасының” дамуына не себеп болды? _____

2. Неліктен Иранның сыртқы жағдайы күрделі болды? _____

3. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Иран қай одақты жақтады?

4-жұмыс. Кестені толтырыңдар.

Ауғанстанда жүргізілген Аманулла хан реформалары

Әлеуметтік өзгерістер	Экономикалық өзгерістер	Әскери өзгерістер

5-жұмыс. Кестені толтырыңдар.

Сұрақтар	Иран	Ауғанстан
Ұлт-азаттық қозғалыс қайсы елдің үстемдігіне қарсы бағытталды?		
Қандай елдермен сыртқы байланысын жүргізді?		
Дүниежүзілік соғыс қарсаңында билік басында қандай топтар тұрды?		

6-жұмыс. Нәдір хан кезіндегі іс-шараларды атаңдар.

1. _____

2. _____

§ 13. ҮНДІСТАН

1-жұмыс. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Үндістан және Қазақстан халықтарының жағдайын салыстырып, ұқсастықтарын атап көрсетіңдер.

2-жұмыс. Кестені толтырыңдар.

Үндістандағы ұлт-азаттық қозғалыс

Кезеңдері	Ерекшеліктері	Талаптары

3-жұмыс. Тапсырманы орындаңдар.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Ұлыбритания Үндістанның қолдауына үміт артты. Ал бұған Үндістандағы саяси партиялар қандай көзқараста болды?

а) *ҮҮК-нің көзқарасы* _____

ә) *Мұсылман Лигасының көзқарасы* _____

б) Үндістан коммунистік партиясының көзқарасы _____


4-жұмыс. Үнді ұлттық конгресі (ҮҰК) партиясы жетекшілерінің аты-жөнін анықтап, төмендегі сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. Осы адамдар туралы не білесіңдер? _____

2. Оларды қандай ортақ мақсат біріктірді? _____

3. Олардың азаттық қозғалыстағы айрықша еңбегін атаңдар.

5-жұмыс. Сызбаны орындаңдар.



6-жұмыс. Ұғымдарға түсінік жазыңдар. Төмендегі ұғымдар қандай мемлекеттің тарихымен байланысты және қандай мағынаны білдіреді?

Тұз жорығы — _____

Кеңес аудандары — _____

Ұлт-азаттық қозғалыс — _____

Біртұтас антижапондық майдан — _____

§ 14. АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКАДАҒЫ АРАБ ЕЛДЕРІ

1-жұмыс. Дұрыс жауабын белгілеңдер.

1. Англия мен Францияның Сайкс-Пико келісімінде көздеген мақсаты:
 - а) *Стамбұл мен бұғаздарды өзіне қарату;*
 - ә) *Палестина мен Иракқа протектораттығын орнату;*
 - б) *Араб жерлерін өзара бөлісу.*
2. Сан-Ремо келісімі бойынша:
 - а) *Араб жерлерін бөліске салды;*
 - ә) *Англия мен Франция — Сирия, Ливан және Палестина Иракқа өз протектораттығын орнатты;*
 - б) *Ресей Стамбұл мен бұғаздарды өзіне қаратты.*
3. 1919 жылы көтеріліс болған Латакия ауданы қай елдің протектораты еді:
 - а) *Англияның;*
 - ә) *Францияның;*
 - б) *Ресейдің?*

2-жұмыс. Ұғымдардың анықтамасын жазыңдар.

Протекторат тәртібі — _____

Мандаттық жүйе — _____

Дәстүр — _____

Әмірлік — _____

Мәліктік — _____

3-жұмыс. Төменде берілген оқиғаларды “уақыт сызығына” ретімен орналастырыңдар:

1919

1920

1923

1928

1930

1939



- а) Сириядағы Латакия ауданындағы халық көтерілісі;
- ә) Иракта мандатты мойындаған мәліктік құрылды;
- б) Трансиордания әмірлігі құрылды;
- в) Сирияның тәуелсіздігі жариялады;
- г) Ирактың тәуелсіздігі жарияланды;
- ғ) Марокко ұлттық комитеті құрылды.

4-жұмыс. Төменде көрсетілген елдердегі ұлт-азаттық қозғалыстарға қысқаша сипаттама беріңдер.

Марокко — _____

Алжир — _____

Тунис — _____

Египет — _____

5-жұмыс. Сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. Тәуелсіздік күресін батыл жүргізген Араб елдерін атаңдар.

2. Республика орнаған Араб елдерін атаңдар.

3. Қандай ел Конституциялы монархияға айналды?

6-жұмыс. Кестені толтырыңдар.

Араб елдерінің ұлт-азаттық қозғалысы

Елдер	Ұлт-азаттық қозғалыстары	Ұлт-азаттық қозғалыстың нәтижесі

§ 15. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС

1-жұмыс. Кестені толтырыңдар.

Соғыстың себебі	Соғыстың сипаты	Соғысушы елдердің мақсаты


2-жұмыс. Сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. Батыс Еуропаның бірқатар тарихшыларының тұжырымдауынша: “Екінші дүниежүзілік соғыстың басты себебі — алдағы 10 жылда өзара шабуыл жасаспау жөніндегі 1939 жылғы кеңес-герман пактісі”, — дейді, осы тұжырыммен келісесіңдер ме?

2. Неліктен фашистік Германияның Польшаға шабуылы Екінші дүниежүзілік соғыстың басы болып саналды?

3. Бірқатар американдық тарихшылар КСРО-ға қарсы гитлерлік “қауырт соғыс” (блицкриг) жоспарының күйреуін тек үш жағдаймен байланыстырады: А. Гитлердің әскери және саяси қателігі; КСРО аумағының үлкендігі және табиғат жағдайының қолайсыздығы; Кеңес Одағына Батыс державалары тарапынан көмек көрсетілді. Гитлерлік “блицкригтің” күйреу себебін сендер қалай түсіндірер едіңдер?

3-жұмыс. Сызбаны орындаңдар.



4-жұмыс. Берілген жылдары Германия басып алған елдерді жазыңдар.

1939 ж., 1 қыркүйек _____

1940 ж., 9 сәуір _____

1940 ж., 10 мамыр _____

1940 ж., 14 мамыр _____

1940 ж., 22 маусым _____

1941 ж., сәуір _____

5-жұмыс. Сұраққа жауап беріңдер.

1. Үштік пактіге қосылған елдерді атаңдар — _____

2. Бейтараптықты сақтаған елдерді атаңдар — _____

3. 1941 ж. жазында Англияда қай елдердің эмигранттық өкіметтері болды? _____

4. КСРО-ға қарсы Германия жағында соғысқа қандай елдердің әскерлері қатысты? _____

5. Қандай шайқастар соғыстың түбірлі өзгерістерін айқындады?

6-жұмыс. Төменде ұсынылып отырған жоспарларға қысқаша түсінік жазыңдар (қосымша құжат пайдалану арқылы).

“Ақ жоспар” — _____

“Теңіз арыстаны” жоспары — _____

“Барбаросса” жоспары — _____

“Қауырт соғыс” (блицкриг) жоспары — _____

7-жұмыс. Кестені толтырыңдар.

Халықаралық конференциялар

Конференциялар	Қатысушы державалар	Қаралған мәселелер

8-жұмыс. Картаны пайдаланып талдау жасаңдар.

1. Гитлердің “қауырт соғыс” жоспарын күйреткен кеңес әскерлерінің қарсы шабуылына сипаттама беріңдер.

2. “Қазақстан тарихы” (9-сынып) оқулығын пайдаланып, қазақстандықтар ерлікпен ұрыс жүргізген аудандарды атаңдар.

II БӨЛІМДІ ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Жапон милитаризмінің негізгі ұйымдастырушысы кім болды:
 - а) Император;
 - ә) Танака;
 - б) Князь Каноэ?
2. 1937 жылы 7 шілдеде Жапония қай елге қарсы “үлкен соғыс” бастады:
 - а) Қытайға;
 - ә) Кореяға;
 - б) Үндіқытайға?
3. “Үштік пакт” аталған соғыс одағын қай елдер құрды:
 - а) Венгрия, Италия, Жапония;
 - ә) Жапония, Италия, Германия;
 - б) Германия, Венгрия, Жапония?
4. Қытайда 1919 жылы “4 мамыр қозғалысы” неден басталды:
 - а) саудагерлердің ереуілдерінен;
 - ә) студенттердің ереуілдерінен;
 - б) жапон тауарларына бойкот жариялаудан?
5. 1921 жылы сәуірде кім Қытай Республикасының президенті болып жарияланды:
 - а) Ли Дачжао;
 - ә) Дэн Сяопин;
 - б) Сунь Ятсен?
6. Қандай оқиға 1925—1927 жылдары Бүкілқытайлық революцияға түрткі болды:
 - а) “30 мамыр қозғалысы”;
 - ә) “4 мамыр қозғалысы”;
 - б) Чан Кайши террор жүргізді?

7. Моңғол Халық партиясының ұйымдастырушысы болған кім:
- а) Чойбалсан;
 - ә) Цеденбал;
 - б) Сухэ-Батор?
8. Моңғол Халық Республикасы қай жылы құрылды:
- а) 1921 ж.;
 - ә) 1924 ж.;
 - б) 1928 ж.?
9. Үнді Ұлттық конгресінің белгілі жетекшісі болған кім:
- а) Б.Тилак;
 - ә) М.Ганди;
 - б) Д.Неру?
10. 1916 жылы Үндістанда:
- а) мемлекеттік төңкеріс болды;
 - ә) М.Ганди “Тұз жорығын” бастады;
 - б) ұлт-азаттық қозғалыс басталды.
11. Азаматтық бойсұнбаушылық қозғалысы екінші рет қай жылы болды:
- а) 1922 ж.;
 - ә) 1930 ж.;
 - б) 1933 ж.?
12. Иранда Көшек хан төңірегіне жиылған партизан жасақтарын кім деп атады:
- а) шляндар;
 - ә) энземилер;
 - б) жыңғылдықтар?
13. 1920 жылы 5 маусымда қай ел республика болып жарияланды:
- а) Гилян республикасы;
 - ә) Хорасан республикасы;
 - б) Парсы республикасы?
14. Иранда Реза хан Пехлеви үкіметі қай салаға көп көңіл бөлді:
- а) теміржол мен тасжолдар салуға;
 - ә) жұмыссыздықты жоюға;
 - б) шекараны нығайтуға?

15. Түркияның тәуелсіздігі жарияланған жыл:
- а) 1920 ж.;
 - ә) 1918 ж.;
 - б) 1922 ж.
16. 1921 жылы Сакария өзенінің бойындағы шайқаста түрік армиясы ... талқандады.
- а) ағылшын басқыншыларын;
 - ә) грек басқыншыларын;
 - б) болгар басқыншыларын.
17. 1905 жылы М.Кемал ... саяси үйірмесін құрды.
- а) “Жас түріктер”;
 - ә) “Ватан”;
 - б) “Құқық қорғау қоғамы”.
18. Мандат тәртібі сақталған Сирия республикасы қай жылы өмірге келді:
- а) 1925 ж.;
 - ә) 1930 ж.;
 - б) 1927 ж.?
19. 1930 жылы тәуелсіздігін жариялаған Араб елі:
- а) Ливан;
 - ә) Иран;
 - б) Ирак.
20. 1939 жылы кеңес әскері қай елге соғыс әрекетін бастады:
- а) Финляндияға;
 - ә) Эстония, Литва, Латвияға;
 - б) Польшаға?
21. Не себептен Ұлттар Лигасы КСРО-ны өзінің құрамынан шығарып тастады:
- а) Германияны қолдады;
 - ә) Батыс Украинаның жерін өзіне қосып жіберді;
 - б) Финляндияға қарсы соғыс әрекетін бастады?
22. “Азат Франция” патриоттық қозғалысын кім құрды:
- а) Эррио;
 - ә) Петен;
 - б) де Голль?

23. 1941 жылдың жазына қарай Германия мен Италия қанша елді басып алды:
- а) Еуропаның 10 мемлекетін;
 - ә) Еуропаның 12 мемлекетін;
 - б) Еуропаның 15 мемлекетін?
24. “Барбаросса” жоспары бойынша КСРО-ны гитлершілдер қанша уақытта жаулап алуға жоспарлады:
- а) 1 жыл ішінде;
 - ә) жарты жыл ішінде;
 - б) 8—10 апта ішінде?
25. Мәскеу түбіндегі шайқас қашан болды:
- а) 1941 жылы желтоқсанда;
 - ә) 1942 жылы қазанда;
 - б) 1941 жылы шілдеде?
26. 1942 жылы 1 қаңтарда 26 мемлекет қандай құжатқа қол қойды:
- а) Бейтараптық туралы келісімге;
 - ә) Біріккен Ұлттар Декларациясына;
 - б) Әскери көмек туралы келісімге?
27. Сталинград түбіндегі шайқаста қанша фашистік дивизия талқандалды:
- а) 150 фашистік дивизиясы;
 - ә) 80 фашистік дивизиясы;
 - б) 100-ден астам фашистік дивизиясы?
28. 1945 жылы ақпанда қандай тарихи оқиға болды:
- а) Мәскеу конференциясы;
 - ә) Тегеран конференциясы;
 - б) Қырым конференциясы?
29. Фашистік Германияның сөзсіз тізе бұғуі актісіне қашан қол қойылды:
- а) 1945 жылы 9 мамырда;
 - ә) 1945 жылы 2 қыркүйекте;
 - б) 1945 жылы 8 мамырда?
30. Екінші дүниежүзілік соғыс Жапонияның тізе бұғуімен аяқталды. Қай жылы:
- а) 1945 жылы 2 қыркүйекте;
 - ә) 1945 жылы 2 қазанда;
 - б) 1945 жылы 2 шілдеде?

**III бөлім. XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ
ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА ЕЛДЕРІ**

§ 16. ҰЛЫБРИТАНИЯ

1-жұмыс. Кестені толтырыңдар.

**Ұлыбританиядағы лейбористер және консерваторлар партияларының
1945—2000 жылдардағы саясаты**

Мәліметтер	Лейбористер	Консерваторлар
Билікте болған жылдары		
Жетекшілері		
Сайлау алдындағы жобалары		
Әлеуметтік-экономикалық және саяси шаралары		
Сыртқы саяси қызметі		

2-жұмыс. Жауабын жазыңдар.

М.Тэтчер үкіметінің экономикалық саясатының бағыттары	→ 1)
	→ 2)
	→ 3)
	→ 4)

3-жұмыс. Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы байланысқа баспасөз, теледидар материалдарын, т.б. құжаттарды пайдаланып сипаттама беріңдер.

4-жұмыс. Дұрыс жауабын белгілеңдер.

- 1945 жылы 5 шілдеде Ұлыбританияның премьер-министрі болып кім сайланды:
 - Черчилль;
 - Эттли;
 - Иден?

2. 1946 жылы У. Черчилльдің Фультон қаласындағы сөзі ... жол ашты.
- а) Ұлыбританиядағы экономикалық реформаларға;
 - ә) БҰҰ-ның құрылуына;
 - б) “Қырғиқабақ соғысқа”.
3. НАТО әскери-саяси одағы қашан құрылды:
- а) 1949 ж.;
 - ә) 1947 ж.;
 - б) 1946 ж.?
4. Г.Вильсонның қабылдаған жоспары қалай аталады:
- а) толық еңбекпен қамтамасыз ету;
 - ә) баға мен кіріс саясаты;
 - б) өндірісті құнсыздану арқылы өсіру саясаты?
5. Э.Хит басқарған үкіметтің экономикалық саясаты өндірістің дамуын үдетумен сипатталды, бұл саясат:
- а) жұмыссыздар санын өсірді;
 - ә) экономиканың өсуіне әкелді;
 - б) фунт стерлингтің өсуіне әкелді.
6. Маргарет Тэтчерді кім деп атады:
- а) “Темір леди”;
 - ә) “Консерватор леди”;
 - б) “Болат леди”?
7. Ағылшын-аргентина тартысы болған жыл:
- а) 1980 ж.;
 - ә) 1981 ж.;
 - б) 1982 ж.
8. Дж. Мейджор кабинетінің көрнекті жетістігі деп мойындалды:
- а) ҚХР мен сауда-экономикалық байланысы;
 - ә) Гонконг мәселесі бойынша ҚХР-мен ымыраға келу;
 - б) әскери-саяси салалардағы мәселені жөнге келтіруі.
9. Энтони Блэр басқарған лейбористер ... үкіметті басқарды.
- а) 1997—2006 жж. дейін;
 - ә) 1997—2007 жж. дейін;
 - б) 2001—2006 жж. дейін.

§ 17. ФРАНЦИЯ

1-жұмыс. Мына төмендегі сұрақтарға жауап жазыңдар:

1. Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Франция жағдайының ұқсастығы мен айырмашылығы неде? _____

2. Уақытша үкімет тәртібі кезеңінде жүргізілген әлеуметтік-экономикалық реформалардың маңызы қандай? _____

3. Төртінші республика кезінде парламенттің өкілеттілігі қандай болды? _____

2-жұмыс. Сұрақтарға жауап жазыңдар.

Президент Ш. де Голльдің алдына қойған сыртқы саясаттағы негізгі бағыттары қандай болды?

а) *Отарлар туралы* _____

ә) *Елдің қауіпсіздігі туралы* _____

б) *Еуропаның қауіпсіздігі туралы* _____

в) Дүниежүзіндегі шиеленістер туралы _____

г) Т.б. _____

3-жұмыс. Франция республикалары басшыларының атын атап, билікте болған кезеңдерін төмендегі сызбаға жазыңдар. (Өткен материалды және құжатты пайдалану арқылы.)

Бірінші республика	
Екінші республика	
Үшінші республика	
Төртінші республика	

4-жұмыс. Франциядағы Бесінші Республиканың президенттері:


Жылдар	Президенттер
1958—1969	
1969—1974	
1974—1981	
1981—1988	
1988—1995	
1995—2007	
2008—2012	

5-жұмыс. Франция мен Қазақстан арасындағы қатынас туралы білетіндеріңді жазыңдар.


§ 18. ГЕРМАНИЯ ФЕДЕРАТИВТІК РЕСПУБЛИКАСЫ

1-жұмыс. Оқулық мәтінін оқып, сызбаға түсінік жазыңдар.

Германияның мемлекеттік және аумақтық тұтастығы



2-жұмыс. “Уақыт сызығына” ГФР-дің ХДО және ГСДП партияларының өкімет басында болған кезін белгілеңдер (үлгі бойынша):



Аталған партиялардың көрсетілген жылдардағы саяси жетекшілерін жазыңдар.

3-жұмыс. Жауабын жазыңдар.

Германияны біріктірудің мүмкіндіктері	→ 1)
	→ 2)
	→ 3)
	→ 4)

4-жұмыс. Дұрыс жауабын белгілеңдер.

1. Германияда ақша реформасы қай жылы болды:
 - а) 1946 ж.;
 - ә) 1947 ж.;
 - б) 1948 ж.?
2. Халықаралық Нюрнберг сотында нацистік және әскери қылмыскерлер қай жылы жауапқа тартылды:
 - а) 1945 ж.;
 - ә) 1946 ж.;
 - б) 1947 ж.?
3. Германдық “экономикалық ғажаптың” алғышарттық негізі:
 - а) өндіріске жаңа техниканы енгізу;
 - ә) ауыр өнеркәсіпті дамыту;
 - б) “Маршалл жоспары” бойынша АҚШ-тан көмек алу.
